

«АТЫРАУ ОБЛЫСЫ БІЛІМ  
БЕРУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
ИНДЕР АУДАНЫ  
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ  
Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ  
ОРТА МЕКТЕБІ»  
КОММУНАЛДЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ  
«СРЕДНЯЯ ШКОЛА  
ИМЕНИ Ш.ВАЛИХАНОВА  
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ  
ИНДЕРСКОГО РАЙОНА  
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ  
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

01.09.2021 № 75

Индербор кенті

поселок Индербор

### Мектептегі ыстық тамақты ұйымдастыру туралы

Атырау облысы Білім беру басқармасының Индер ауданы білім бөлімінің 2021 жылдың 18 тамыздағы №05-04-01/1114 хаты негізінде  
**БҰЙЫРАМЫН:**

1. ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 8-бабының 4-1 тармағын, ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 8 маусымдағы №235 «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы негізінде 1-4 сынып оқушылары мен әлеуметтік қолдауды қажет ететін, әлеуметтік осал топ санатына жататын оқушыларға бөлінген қаржы көлемінде тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілсін.

1.1. Мектепте тамақтандыруды ұйымдастыру Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 25 тамыздағы №36 қаулысына сәйкес асхана қызметінің тәртібіне қойылатын талаптарға сай жүзеге асырылсын.

1.2. 1-4 бастауыш сынып оқушыларының ыстық тамақпен қамтамасыз ету мақсатында тамақтану кестесі жасақталсын. (1 қосымша)

1.3. Әлеуметтік осал топ санатына жататын әлеуметтік қолдауды қажет ететін 5-11 сынып аралығында тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушыларының тізімі және тамақтану кестесі жасақталсын (2 қосымша)

1.4. Тамақтану шараларын ұйымдастыру туралы 2021-2022 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспары жасақталсын. (3 қосымша)

2. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №76 «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы бұйырығын бұлжытпай орындауды қамтамасыз ету мақсатында бракераж комиссиясы құрылсын. (4 қосымша)

2.1.ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №76 «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы бұйрығын бұлжытпай орындауды, мектептегі бракераждық комиссия жұмысына жүйелі бақылауды жүзеге асыру (күн сайын әзірленген дайын тамақтың сапасын,тамақтың дайындау кезіндегі тазалықтың сақталуы,оның бірқалыпты ыстық күйде болуын,тағамның өлшемі мен дайындалу технологиясының бекітілген ас мәзіріне сай болуы) дәруменді-минералды кешенмен байытылған тамақ өнімдерін оқушыларды тамақтандыру рационына енгізу,мектеп асханасының санитариялық талаптарға сай болуын басты назарда ұстау мектеп ембикесі С.Турғалиеваға жүктелсін.

8.Бөлінген қаржының Заң талаптарына сәйкес уақытылы,мақсатты,әрі тиімді жұмсалуды қатаң қадағалау бас есепші А.Абиловаға жүктелсін.

9.Тамақтану шараларымен қамтылатын оқушылардың күнбе-күн нақты санын шығарып,есебін жүргізіп отыру,тамақтану шарасы бойынша жасалған жұмыстар туралы мәлімет беріп отыру және осы жұмыстардың дұрыс ұйымдастырылып жүргізілуін бақылау мектептің әлеуметтік педагогы Н.Рахметқалиеваға жүктелсін.

10.Осы бұйрықтың орындалысын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры:



А.Меңдігереева